

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 304 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 14 ақпан N 234. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.01.20. N 87 қаулысымен. ~ P010087

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 304 P990304_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 10, 90-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі туралы ережеде:

9-тармақтың үшінші абзацындағы "мемлекеттік" деген сөз "республикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

10-тармақта:

1) тармақшадағы "тапсырысшылар жүргізетін" деген сөздер алынып тасталсын;

2) тармақшадағы "әзірлеу" деген сөзден кейін "және өз құзыретінің шегінде оларды қабылдау" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаты есебінен сатып алуды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңдарын қолдану мәселелері бойынша сол заемдар туралы келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысу;"

8) тармақшадағы "шығару" деген сөз "шығаруды ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдарын қолданудың тәжірибесін талдау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;"

12-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік органдар мен мекемелерден жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы, оның ішінде мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың қаражаты

есебінен жүзеге асырылған сатып алу туралы есептерді, ақпараттар мен материалдарды сұратуға және алуға;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мемлекеттік сатып алудың рәсімдері бұзылған жағдайда конкурстардың нәтижелерін қайта қарауға немесе қайтадан конкурстар өткізуге бастама жасауға;"

19-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заңдарда белгіленген тәртіппен:

Агенттіктің қызметкерлерін көтермелеу жөнінде және оларға материалдық көмек көрсету жөнінде шешім қабылдайды;

Агенттіктің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бұйрықтар шығарады;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.